

**№44А(К) ЖББ мектебінің бос оқытушы лауазымына өтетін
конкурстық комиссия отырысының
№1 хаттамасы, 2023-2024 оқу жылы**

Ақтөбе қаласы

31.08.2023ж.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1) Комиссия құрамымен таныстыру /Еримова Қ.Б./
- 2) Конкурса қатысатын кандидаттарға сипаттама беру /Еримова Қ.Б./
- 3) Конкурса қатысатын кандидаттардың іс-тәжірибесін бағалау
(16-қосымша бойынша) /Комиссия мүшелері/

1-мәселе бойынша:

Еримова Қ.Б.: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы негізінде (өзгертумен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы №568 бұйрығымен) «Мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшылары мен педагог қызметкерлері лауазымдарына тағайындау, лауазымдарынан босату қағидаларын бекіту туралы» Білім 3-тарауының 1-тармағы «Мемлекеттік білім беру ұйымының педагог лауазымына конкурс өткізу тәртібі» байқауын өткізу үшін комиссия құрылды.

Конкурс өткізуге байланысты ақпараттар Enbek.kz, Instagram парақшасы мен мектеп сайтында жарияланды.

Еримова Қ.Б. – комиссия төрайымы, директордың ОДЖО;

1. Амирова Гульжан Тынышовна – комиссия мүшесі, «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ жалпы орта және мектепке дейінгі білім беру секторының маманы;
 2. Есенбаева К.Б. – комиссия мүшесі, директордың ТДЖО;
 3. Ташетова А.А. – комиссия мүшесі, жаратылыстану-математика ӘБ жетекшісі;
 4. Жумагулова Ж.С. – комиссия мүшесі, кәсіподақ төрайымы;
- Абдибекова Р.А. – комиссия хатшысы, қоғамдық-гуманитарлық ӘБ жетекшіс.

2-мәселе бойынша:

Еримова Қ.Б.: 2023-2024 оқу жылының басында келесі мамандыққа конкурс жарияланды:

- педагог-психологтың уақытша бос лауазымы;
- орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің уақытша бос лауазымы;
- физика мұғалімінің бос лауазымдық орны.

Байқау жарияланғаннан кейін конкурса қатысуға ниет білдірген үміткерлерден құжаттар қабылданды. Үміткерлердің құжаттарының Педагог қызметкерлердің үлгілік біліктілік сипаттамаларында бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қараймыз және осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес ұпайлар парағында үміткерлер толтырған баллдарды есептейміз. Физика мұғалімі бос лауазымына үміткердің сипаттамаларын қарастырайық:

Ата-жөні: Утямисов Букенбай Максutowич

- **Туылған жылы, айы, күні:** 02.07.1994
- **Диплом бойынша мамандығы:** физика пәні мұғалімі
- **Оқуды аяқтаған уақыты:** 2015ж, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ
- **Еңбек өтілі:** 7 жыл
- **Педагогтердің білімін бағалаудан өту туралы сертификаты:** жоқ
- **Тұрғылықты мекен-жайы:** Ақтөбе облысы, Бауырластар-2, уч.121
- **Тұрмыстық жағдайы:** үйленген, 2 баласы бар

Есенбаева К.Б.: Утямисов Букенбай Максutowич Қобда ауылы Қызылжар орта мектебінде 2015 жылдың 1 қыркүйегінен 2022 жылдың 31 тамызына дейін жұмыс атқарған. 2018 жылы 31 наурызда 2-ші біліктілік санатты алған. Педагог өз қызмет бабында үлгілі тәртібімен, тиімділігімен көзге түскен. Жұмыс тәртібін бұзу тіркелмеген. Сабақ жүргізу әдістемесі орта білім беру оқу орындарының талаптарына сай. Жыл сайын облыстық педагогикалық олимпиадаларға қатысып 2,3 орындарға ие болған. Критерийлер бойынша: білім деңгейі – 5 балл, педагогикалық еңбек өтілі – 2 балл, кәсіби жетістіктердің көрсеткіштері – 1,5 балл. Үміткердің жұмыс тәжірибесі бар. Үміткерден тәжірибелі маман шығады деп ойлаймын.

Ташетова А.А.: Букенбай Максutowич 2018 жылы «Ақтөбе Ұстаз» газетінде «Тізбек бөлігіне арналған Ом заңы.Электр кедергісі» атты сабақ жоспары жарияланған. 2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған І Халықаралық балалар және жасөспірімдер ғылыми-тәжірибелік конференцияға «Физика пәнін оқытуда интерактивті әдістерді пайдаланудың тиімділігі» атты мақаласын 7 сынып оқушысы Қуанышқалиев Асқар жариялаған. Критерийлер бойынша: бұрынғы жұмыс берушінің ұсыныс хаты (еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде)-3 балл. Үміткер жұмысқа оңай үйреніп, алдағы уақытта педагогке қолдау көрсетіледі деп ойлаймын.

Жумагулова Ж.С.: Педагогтердің білімін бағалаудан өткен,бірақ портфолио құжаттары ауылдан қалаға көшуіне байланысты дайын болмағандықтан,мерзімі өтіп кеткен. Келешекте білімін көтеріп, жақсы физика пәнінің мұғалімі болады деп сенемін.

3-мәселе бойынша:

«Педагог-психолог» лауазымы бойынша да 1 кандидат өз құжаттарын тапсырып отыр.

- **Ата-жөні:** Балмаханова Батима Сейдуллаевна
- **Туылған жылы, айы, күні:** 17.02.1973ж.
- **Диплом бойынша мамандығы:** педагог-психолог
- **Оқуды аяқтаған уақыты:** 2019ж, «Қайнар» академиясы
- **Еңбек өтілі:** 27 жыл
- **Педагогтердің білімін бағалаудан өту туралы сертификаты:** жоқ
- **Тұрғылықты мекен-жайы:** Ақтөбе қаласы, Жаңа қоныс, жастар 12.
- **Тұрмыстық жағдайы:** жолдасы, 2 баласы бар.

Есенбаева К.Б.: Балмаханова Батима Сейдуллаевна Темір ауданы Шұбарқұдық ауылындағы мектепте педагог-психолог қызметін атқарған. Жұмыс тәртібін бұзу тіркелмеген. Қайта даярлау курстарын 2021,2023 жылдары «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ өткен. Критерийлер бойынша: білім деңгейі-2 балл.Біліктілік санаты-1 балл..Алдағы уақытта кешкі мектепке жақсы педагог-психолог маманы ип болады деген үміттемін.

Ташетова А.А.: Үміткер кәсіби жетістіктерінің көрсеткіштерінен -9,5 балл.Әлеуметтік қызметінен-7 балл алып отыр. Кәсіби жетістіктерін мектепте,оқушыларды тәрбиелеуде көрсете біледі деген сенімдемін.

Жумагулова Ж.С.: Педагог -психолог жұмыс барысында мотивациялық әңгімелер, жеке тұлғамен жеке жұмыстар, сондай-ақ жағымды көңіл-күй үшін әртүрлі тренинг-семинарлар өткізеді деп үміттенемін және де осы жұмыстар оқуға және тұлғааралық қатынастарға бейімделуге көмектеседі. Критерийлер бойынша курсқа дайындық-1 балл жинады.

Еримова Қ.Б.: Комиссия мүшелері «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларына» 11-қосымшасы бойынша физика пәні мұғалімі Утямисов Букенбай Максutowичтің жалпы ұпайы 15 балл құрады. Педагог-психолог Балмаханова Батима Сейдуллаевнаның іс-қағаздарына шолу жүргізе келе, бағалау парағындағы ұпайлардың қосындысы 21 балл құрады.

Ұсыныс:

1.Байқау комиссиясының мүшелерімен келісе отырып, №44ауысымдық(кешкі) мектеп директоры Г.У. Гумароваға өндіріске байланысты оқытушы Б.М.Утямисовты тұрақты лауазым бойынша физика пәнінің мұғалімі етіп алуға және уақытша педагог-психолог лауазымына Б.М. Балмаханованы қабылдауға ұсыныс білдіреміз.

2.Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі бос лауазымына конкурс өткізілмегендіктен, мектеп директоры Г.У.Гумароваға осы оқу жылына қоса қызмет атқарушы орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімін уақытша ваканттық лауазымына қабылдауын ұсынамыз.

Комиссия төрайымы:

Еримова Қ.Б.

Хатшы:

Абдибекова Р.А.

Комиссия мүшелері:

Амирова Г.Т.

Есенбаева К.Б.

Ташетова А.А.

Жумагулова Ж.С.

